



6 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Қазақстан Республикасының қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай, халыққа аянбай қызмет ету жолында күш жігері, барша ықылас пен ынтыасын жұмсап келе жатқан өлшеусіз еңбегі үшін колледждің бас есепшісі Б.М.Умирзакова Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының Алғыс хатымен марапатталды.



Қазақстан педагогикалық академиясы мен республикалық "Мектеп" ғылыми-әдістемелік журналы ұйымдастырған "Ұстазға құрмет" жобасында үздік тәжірибе таратқаны үшін колледждің психологы Н.Е.Мухамодиева төсбелгімен, диплом және алғыс хатпен марапатталды. "Ұстазға құрмет" журналына "Суицидке әсер ететін факторлар" тақырыбындағы мақаласы басылымға шықты.



Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту саласының дамуына үлес қосып, ұстаздық жолындағы еңбегі үшін колледждің психологы Н.Е.Мұхамодиева "Шығармашыл ұстаз" төсбелгісімен, грамотамен марапатталды.



"Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті" ұйымдастырған Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында "Мейірікке ісін реформалау: жетістіктер, проблемалар мен перспективалар" тақырыбында үздік баяндама жасағаны үшін колледждің "Қолданбалы бакалаврдағы "Мейіргер ісі" бөлімінің меңгерушісі Ұ.Е. Дүйсембаева Дипломмен және Сертификатпен марапатталды.

Сондай ақ, конференцияға белсене қатысқаны үшін "Мейіргер ісі" бөлімінің меңгерушісі З.С.Ескебековаға Сертификат табысталды.



"URKER MITEC" орталығының ұйымдастыруымен "Гиппократ" Республикалық олимпиадасында колледждің 202 топ студенті Е.К.Тузен жүлделі II орынға ие болып, Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Ә.Б.Айдралиева.



«Братск медициналық колледжі» облыстық мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесі (ОГБПОУ БМК). Дүниежүзілік жүрек күніне орай ұйымдастырылған жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының алдын алу бойынша студенттердің халықаралық сырттай постер-мотиваторлар байқауына колледждің 143 топ студенті А.Жартай қатысып, белсенділігі үшін Сертификатқа ие болды. Жетекшісі: Г.Б.Таңат



ТМД-ға қатысушы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін өзекті проблемаларды шешуге бағытталған азаматтық бастамаларды ынталандыру мақсатында ұйымдастырылған "Қазақстан үшін 100 идея" атты инновациялық белсенділікті дамыту Республикалық жобаға колледждің 105 топ студенті А.Марат қатысып, белсенділігі үшін Сертификатқа ие болды, жетекшісі А.С.Сагитжанова шәкірт дайындағаны үшін Алғыс хатқа ие болды.



М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Дінмұхамед Қонаев 110 жылдығына арналған "Д.Қонаевтың қоғамдық-саяси қызметі" атты облыстық көлемінде өткізілген дөңгелек үстелге колледждің биология пәнінің оқытушысы А.Көбегеноваға қатысып, белсенділік көрсеткені үшін Сертификатқа ие болды.



М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті Ұстаз институты, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған "Абай-дара", "Абай - дана" Абай Құнанбайұлы шығармаларына талдау жасау - атты ашық семинарда колледждің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Ж.М.Сабуркулова белсене қатысқаны үшін Алғыс хатқа ие болды.



Көкшетау жоғары медициналық колледжі ұйымдастырған "Мейірімділік - ізгіліктің жолы" атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға(халықаралық қатысумен) 132 топ студенті Қ.Мусан қатысып, Сертификатқа ие болды. Жетекшісі: А.Р.Махмуд.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ

Жас мамандарға арналған «Үйренейік, ізденейік, Жас маман!» тақырыбында әдістемелік мектеп отырысы өтті.

2 | АШЫҚ САБАҚ

Оқытушы Н.Е.Мұхамодиева «Медицина персоналының коммуникативтік құзыреттілігі. Қарым – қатынас жасау қағидалары, тәсілдері. Көшбасшылық» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді.

3 | КЕЗДЕСУ КЕШІ

«Мамандық таңдау - өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау!» тақырыбында колледжінде, Жамбыл облысы және Тараз қаласының медициналық ұйымдарының жұмыс беруші басшыларымен колледж студенттерінің кездесу кеші.

4 | БАЙҚАУ

«Қоршаған ортаны сақтайық!» тақырыбында колледжішілік сурет байқауы.

5 | ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ

«Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кәмететке толмаған студенттердің арасында құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстары.

6 | ҚҰТТЫҚТАУ

Колледж оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері.

Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



1 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ



24.11.2022 ж. Колледжде жас мамандарға арналған «Үйренейік, ізденейік, Жас маман!» тақырыбында әдістемелік мектеп отырысы өтті. Жас мамандар мектебінің отырысы жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, бағыт-бағдар беру мақсатында өткізілді. Күн тәртібінде:

1. Колледждегі тәрбие жұмысын жүргізу үрдісі. Жауапты: тәрбие жұмысының меңгерушісі Ж. Н. Айдабосынова.
2. Оқытушының іс-тәжірибесінен "Орыс тілі және әдебиет" пәнін оқыту бойынша тренинг сабақ (15-20 минуттық). Жауапты: орыс тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы А. О. Бейсенбаева.
3. Қысқа мерзімді жоспарды құрастыру бойынша практикum. Жауапты: информатика пәнінің оқытушысы Г. Қ. Сарыбаева.
4. Тәлімгердің іс-тәжірибесінен: тәжірибелік сабақ жоспарын құрастыру бойынша практикum. Жауапты: мейіргер ісі негіздері пәнінің оқытушысы Р. Ж. Мухажанова.
5. Мақала жазу тәртібі.

Жауапты: әдіскер А. Қ. Коконбаева.
6. Психологиялық тренинг. Жауапты: колледж психологы Өскенбаева А.Н.

2 | АШЫҚ ІС-ШАРА



02.12.2022ж. №1 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы Н.Е.Мұхамдиева «Мейіргер ісі» бөлімі, 207 М-09/21 топ студенттерімен "Мейіргер ісіндегі психология негіздері және коммуникативтік дағдылар" пәнінен «Медицина

персоналының коммуникативтік құзыреттілігі. Қарым-қатынас жасау қағидалары, тәсілдері. Көшбасшылық» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді. Білімділік мақсаты: студенттерді әр түрлі жағдайларда науқспен, оның туыскандарымен, әріптестерімен тиімді қарым-қатынас орнатуына қажетті дағдыларды қалыптастыруға үйрету. Медицина қызметкерінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын психологиялық сипаттамасы: аффилиация, эмоциалдық тұрақтылық, эмпатия, сензитивтілік, рефлексия туралы мәлімет беру.



01.12.2022 ж. Колледжде «1 желтоқсан - Халықаралық жұқтырылған иммун тапшылығы синдромымен күресу күніне» 101 топ студенттерінің қатысуымен, «ЖИТС ғасыр індеті» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Студенттерді зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын-алу және одан қалай қорғану жолдарын үйрете отырып, тәртіпке баулу, салауатты өмір сүре білуге тәрбиелеу. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, бұл аурудың таралуы, себептері, қауіптілігі туралы білімдерін кеңейту. Өткізген оқытушы: А.С.Ташмаханбетова.

3 | КЕЗДЕСУ



15.11.2022 ж. Колледжде «Жұмыс берушілер күніне» орай «Мамандық таңдау - өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау!» Жамбыл облысы және Тараз қаласының медициналық ұйымдарының жұмыс беруші басшыларымен колледж студенттерінің кездесу кеші өткізілді. Кездесудің жалпы мақсаты: болашақ маманның негізгі қызметімен, даму перспективалары, жұмыс берушінің қазір мамандарға қоятын талаптарымен танысып, бітіруші студенттерге жаңа жұмыс орнына орналасу үшін қажетті мәселелерді талқылау, студенттердің медициналық ұйым туралы ақпарат алуы. «Мең таңдаған мамандық» тақырыбында №3 арнайы пәндер ЦӘК төрайымы А.Т.Парманова баяндама оқыды. Кездесу кешіне Жамбыл облысының ауруханалары мен емханаларының бас дәрігерлерімен орынбасарлары қатысты. Студенттер көкейінде жүрген көптеген сұрақтарға жауап алып, пікір алмасты. «Жамбыл облыстық көпбейінді балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК, «Жамбыл облыстық көпбейінді ауруханасы» ШЖҚ МКК, «№5 қалалық емханасы» ШЖҚ МКК келген қонақтар студенттерді мекемелерінің жұмыс тәжірибесімен таныстырып, жұмысқа шақырды. Кездесу соңында №2 Жалпы кәсіптік пәндер циклдық комиссиясы оқытушылары фитоөнімдерді ұсынды.



14.11.2022 ж. Колледжде «Емдеу ісі», «Ақушер ісі» бөлімінің ұйымдастыруымен, «Ұлттық теңге – тәуелсіздігіміздің нышаны» тақырыбындағы 136, 138, 221 топтардағы студенттермен «Отбасы банк» мамандарымен ақпараттық-танымдық кездесу өтті. Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі — төл теңгеміздің шығу тарихы, айналымға ену кезі туралы мағлұматтар беру. Өткізген: Әлеуметтік-экономикалық пәндер оқытушысы: Байбосынова А.С.



02.12.2022 ж. Колледжде «Медицинаға деген сүйіспеншілік-бұл адамзатқа деген сүйіспеншілік» тақырыбында ашық кездесу өтті. Іс-шараға "Емдеу ісі", "Мейіргер ісі" мамандықтарының 1 курс студенттері қатысты. Ашық кездесуді өткізу мақсаты: Студенттерге болашақ мамандығының мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсінуге, оған тұрақты қызығушылық танытуға үйрету. Кездесуде баяндамалар оқығандар: А.Б. Махатова «Ақушерия және гинекология» пәнінің оқытушысы-«Ерте жүктілік: қауіптер мен қиын шешімдердің уақыты», «Педиатрия» пәнінің оқытушысы, «Педиатриядағы шұғыл жағдайлар». Р.У.Джантасова, С.Н.Серік «Терапия» пәнінің оқытушысы-«Студенттер арасындағы ұтымды тамақтану мәселесі», Р.Д.Мухажанова, «Мейіргер ісінің негіздері» пәнінің оқытушысы-«Медицина қызметкерінің коммуникативтік құзыреттілігі- кәсіби маңызды сапа», Б.Б.Блейменова «Эпидемиология негіздері» пәнінің оқытушысы-«АИТВ жұқпасы және ЖИТС алдын алу», Б.Т.Ержанов өңірлік симуляциялық орталығының жаттықтырушы-оқытушысы-«Жүректің кенет тоқтап қалуында шұғыл көмек көрсету». Кездесу барысында студенттерге аурулардың алдын алу және СӨС бойынша ақпараттық брошюралар таратылып, жемістерден тәттілер дайындалды.

4 | ІС-ШАРАЛАР



23.11. - 01.12.2022 ж. күні аралығында колледжде экологиялық тәрбие бағыты бойынша I курс студенттері арасында «Қоршаған ортаны сақтайық!» тақырыбында өткен колледжішілік сурет байқауына белсенді қатысқан студенттерге, студенттер кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып диплом және сыйлықтармен марапатталды. Жүлделі орындар: I орын – 121 топ «Емдеу ісі». II орын-104 топ «Мейіргер ісі», 114 топ «Емдеу ісі». III орын-102 топ «Мейіргер ісі», 108 топ «Мейіргер ісі», 111 топ «Мейіргер ісі». Мақсаты: Студенттерге экологиялық тәрбие беру арқылы олардың дүниетанымдық және табиғатты қорғау қабілеттерін арттыру. Табиғат пен адам арасындағы байланыс, қоршаған ортаны аялауға үйрету. Жауапты: әлеуметтік педагог А.А.Буксукбаева.

28.11.2022 ж. Тәрбие бөлімінің, Діни сауаттылықты дамыту кеңесінің ұйымдастыруымен студенттердің рухани адамгершілік құндылықтарын зерделей отырып, түрлі ағымның тамыр жайып, көбейіп кеткен кезеңінде, ата дініміз жайлы білімін болмаса, теріс бағыттың соңынан еріп кету қаупі туралы түсіндіру мақсатында «Діни сауаттылық – қоғам қауіпсіздігі» тақырыбында 9, 207, 211, 217 топ студенттерімен және Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» теолог маманы Б.Бекмолдаевпен дөңгелек үстел өтті. Өткізген: Діни сауаттылықты дамыту кеңесінің жетекшісі: Байбосынова А.С.



30.11.2022ж. Колледждің конференц залында "Оқуға құштар колледж" тұжырымдамасы аясында кітапханашылардың ұйымдастыруымен "Оқуға құштар колледж - білім, шығармашылық, даму аумағы" тақырыбындағы облыстық семинар-практикum өтті. Жамбыл облысы бойынша колледж кітапханашылары келіп, доклад оқылып, презентациялар көрсетілді. Екі корпустың кітапханамыздың материалдық-техникалық базасы таныстырылды. ТЖКББ басшысы Д.Есжанов алғыс хаттар мен сертификаттар табыстады. Мақсаты: техникалық және кәсіптік колледждер кітапханашыларының арасындағы тәжірибе алмасу. 2022 жылдың 30 қараша күні, психологиялық қызмет пен сыбайлас жемқорлықпен күрес комиссиясының жоспары бойынша «Кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ!» тақырыбында студенттерге арналған тренинг өткізілді. Жауапты колледж психологы: А.Н.Оскенбаева. Қатысқандар: 1. Әлеуметтік педагог: А.А.Буксукбаева; 2. «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі: Л.Б.Саурбаева; 3. Сыбайлас жемқорлықпен күрес комиссиясының хатшысы: Б.А.Қырықбаева; 4. 113 топ, «Емдеу ісі», 114 топ, «Емдеу ісі», 119 топ, «Емдеу ісі», 103 топ, «Мейіргер ісі», топтары қатысты.

5 | ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ



09.11.2022 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция капитаны А.Қ.Арысбаев «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кәмететке толмағандардың арасында түсінік беру», «Топтық төбелес», «Бөтеннің мүлкін ұрламау» тақырыптарында колледж студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



23.11.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция капитаны А.Қ.Арысбаев Жамбыл облысының ПД-нің ЖПҚБ дайындаған «Оқушының құқықтық анықтамасы», «Ата-аналарға, кәмететке толмағандардың және жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар» тақырыптарында колледж студенттерімен кездесіп, жадынама таратып, ҚР ӘҚБТК-нің баптарымен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



28.11.2022 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы аясында, Жамбыл облысы ПД әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы, полиция подполковнигі Д.А.Кинжиханова, Жамбыл облысы әкімі аппаратының әлеуметтік-саяси мониторинг бөлімінің бас инспекторы - облыс әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы З.М.Турғынова, Әділет капитаны жеке құрам психологы А.А.Дмитриенко, Жамбыл облыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығының директоры Ж.Д. Калыбекова және психологы Д.С. Калиева, Жамбыл облысы бойынша "LIDER.KZ" волонтерлік қозғалысының координаторы Н.С.Чагай және аға волонтер-іздеуші Н.Гребенкина «Қоғамдағы, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында колледж студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



05.12.2022 ж. Колледжде №2 «Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері» ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында, «Адалдық жүрген жерде - адамдық жүреді» тақырыбында мамандармен кездесу өтті. Мақсаты: Оқытушылар мен студенттерді өз ісіне жауапкершілікпен адал қарауға баулу, патриотизмге тәрбиелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға үйрету.